

«Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес АҚ базасындағы республикалық оқу-әдістемелік кеңестің энергетика, радиотехника, электроника және телекоммуникациялар мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік бірлестігінің (РОӘК ЭРЭТ ОӘБ) 2017-2018 оқу жылының жұмысы туралы есебі

1. РОӘК ЭРЭТ ОӘБ кадрлық құрамына өзгерістер енгізілді.
2. Ұлттық сабақ классификаторы кестесінің жобасы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандықтарының классификаторына сәйкестігі талқыланды: 5B071800 – «Электр энергетикасы», 5B071700 – «Жылу энергетикасы», 5B071900 – «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар».
3. Екі мамандық бойынша ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламаларын әзірлеуді жүзеге асыру бойынша жұмыстар қаралды және мақұлданды: 5B071800 – «Электр энергетикасы», 5B071900 – «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар».
4. РОӘК ЭРЭТ ОӘБ мүшелеріне ҚР БҒМ РОӘК хаттамалық шешімдері жеткізілді.
5. 5B071800 – «Электр энергетикасы», 5B071700 – «Жылу энергетикасы», 5B071900 – «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» мамандықтары бойынша кадрлар дайындайтын ЖОО оқу-әдістемелік жұмыстарын үйлестіру және өзара әрекеттестік орнату бойынша жұмыстар жүргізілді.
6. Ректор, АҚ жөніндегі проректор ҚР БҒМ өткізген кездесулерге қатысты, соның ішінде ОӘБ мәселелері бойынша.
7. ЭРЭТ ОӘБ мүшелері жоғары және ЖОО кейінгі білім беру бойынша құжат жобаларын сараптамадан өткізуге қатысты.
8. РОӘК ОӘБ/ ҚР БҒМ грифін беру үшін ұсынылған оқулықтар/оқу құралдары қаралды және ұсынылды:
 - 8.1. «Техникалық термодинамика» қазақ тіліндегі оқулық. Авторлары: З.К. Саттинова, А.М. Достияров, Г.І. Рамазанова, А.Ә. Өмирбаева. 5B071700 – «Жылу энергетикасы» мамандығында оқитын студенттер үшін (Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті).
 - 8.2. «Жоғары математика» қазақ тіліндегі техникалық мамандықтарға арналған оқулық. Авторлары: т.ғ.к., академик Сагинтаев С.С., ф-м.ғ.к., профессор Сагинтаева С.С. («Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес АҚ).
 - 8.3. «Отын жағудың арнаулы сұрақтары» қазақ тіліндегі оқу құралы. Авторлары: А.М. Достияров, К.Т. Баубеков, Р.А. Умирзаков. 5B071700 – «Жылу энергетикасы» мамандығында оқитын студенттер үшін (С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті).
 - 8.4. «Автоматтандырылған электр жетегі» қазақ тіліндегі оқу құралы. Авторлары: т.ғ.д., профессор К.К. Жумагулов, т.ғ.д., профессор П.И. Сагитов, т.ғ.к., ассоц. профессор С.С. Исенов, т.ғ.м., аға оқытушы Г.О. Сулейменова (С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті). 5B071800 –

«Электр энергетикасы», 5B081200 – «Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету» мамандықтарында оқитын студенттер үшін (С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті).

8.5. «Автоматизированный электропривод. Энергосбережение средствами автоматизированного электропривода (часть II)». Авторлары: т.ғ.д., профессор К.К. Жумагулов, т.ғ.д., профессор П.И. Сагитов, т.ғ.к., ассоц. профессор С.С. Исенов, т.ғ.м., аға оқытушы Г.О. Сулейменова (С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті). 5B071800 – «Электр энергетикасы», 5B081200 – «Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету», 5B071700 – «Жылу энергетикасы» мамандықтарында оқитын студенттер, магистрлар және докторанттар үшін (С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті).

8.6. «Теоретические основы электротехники 1» орыс тіліндегі оқу құралы. Авторы: Т.И. Глушенко 5B071800 – «Электр энергетикасы» мамандығында оқитын студенттер үшін («А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті» РМҚ).

9. РОӘК ОӘБ/ ҚР БҒМ грифін беру үшін ұсынылған оқулықтар/оқу құралдары қаралды және қабылданбады:

9.1. С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ассоц. профессоры, фил.ғ.к. М.С.Кулахметованың 5B071800 – «Электр энергетикасы», 5B071700 – «Жылу энергетикасы» мамандықтарында оқитын студенттер үшін әзірленген «Кәсіби-бағытталған неміс тілі. Жаңартылатын энергия көздері» оқу құралы.

10. ЖОО-ын пәннің міндетті компоненттерінің типтік оқу жоспарымен қамтамасыз ету мәселесі талқыланды. Мамандық бойынша бағдарламалар АЭЖБУ сайтында орналастырылды.

11. 2018 жылы оқуға түсетін студенттерге арналған жаңа білім беру бағдарламаларының модульдік оқу жоспары қарастырылды және бекітілді:

11.1. 5B071900 – «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» мамандығы аясындағы «Виртуалды шындық және мультимедиялық технологиялар», «Инфокоммуникациялық технологиялар және жүйелер», «Зияткерлік радиотехникалық және электрондық жүйелер», «Арнайы электр байланыс», «Ақпаратты берудің радиотехникалық жүйелері», «М2М технологиясы үшін телекоммуникациялық жүйелер», «Телекоммуникациялық жүйелер және желілер», «Зияткерлік телекоммуникациялық жүйелер».

11.2. 5B071800 – «Электр энергетикасы» мамандығы аясындағы «Зияткерлік электр желілерінің жүйелік инженері», «Электр энергетикада Smart технологияларды интеграциялау және басқару», «Агроөнеркәсіптік нысандарды электрмен жабдықтаудың гибридті жүйелері».

11.3. 5B071700 – «Жылу энергетикасы» мамандығы аясындағы «Атом электр станциялары мен қондырғылары», «Автономды энергетикалық жүйелер», «Энергетикалық менеджмент және энергетикалық аудит», «Биоэнергетика», «Энергетикадағы техносфералық қауіпсіздік».

12. РОӘК ЭРЭТ ОӘБ 2018-2019 оқу жылына арналған жұмыс жоспары қаралды және бекітілді.

13. РОӘК ЭРЭТ ОӘБ жұмысы туралы ақпарат АЭЖБУ сайтында жарияланды <http://aues.kz>

ЭРЭТ ОӘБ төрайымы

ЭРЭТ ОӘБ хатшысы



С. Сагинтаева

Т. Оспангазиева